

"Саран қаласы мен Ақтас кентінде тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" Саран қалалық мәслихатының 2024 жылғы 28 наурыздағы № 103 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қарағанды облысы Саран қалалық мәслихатының 2025 жылғы 13 қарашадағы № 246 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 20 қарашада № 37447 болып тіркелді

Саран қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Саран қаласы мен Ақтас кентінде тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" Саран қалалық мәслихатының 2024 жылғы 28 наурыздағы № 103 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6578-09 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Саран қаласы мен Ақтас кентінде тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен қағидаларын бекіту туралы";

көрсетілген шешімнің 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Саран қаласы мен Ақтас кентінде тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен қағидалары бекітілсін";

көрсетілген шешіммен бекітілген Саран қаласы мен Ақтас кентінде тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібінде:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Саран қаласы мен Ақтас кентінде тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен қағидалары";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Тұрғын үй көмегінің мөлшерін уәкілетті орган Тұрғын үй көмегін көрсету қағидаларында бекітілген нормалар шегінде есептейді."

2. "Саран қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі" мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғаннан кейін Саран қалалық мәслихатының интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК